



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 24 сәуір

ҚР Ұлттық Банкінің делегациясы ХВҚ Көктемгі кездесулеріне қатысты



**SPRING
MEETINGS**
2017 | WASHINGTON DC
WORLD BANK GROUP
INTERNATIONAL MONETARY FUND

2017 жылғы 21-23 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің делегациясы ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.Пірматовтың басшылығымен Вашингтон қаласына (АҚШ) Халықаралық Валюта Қорының Басқарушылар Кеңесінің және Дүниежүзілік Банк Тобының Көктемгі кездесулеріне қатысу үшін барды.

ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері Халықаралық валюта және қаржы комитетінің Пленарлық отырысына, ХВҚ Швейцария шағын тобының және Дүниежүзілік банктің отырысына, ХВҚ-ның «Өңірлік экономиканың даму перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия» бюллетенінің таныстырылымына қатысты.

Іс-шара шеңберінде Ғ. Пірматовтың ХВҚ Басқарушы директорының орынбасары Тао Джангпен кездесуі өтті, оның барысында Қазақстан Республикасының және ХВҚ ынтымақтастығының жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

ҚР Ұлттық Банкінің делегациясы ХВҚ Швейцария шағын тобының Атқарушы директоры М. Панекпен, ХВҚ департаменттерінің, халықаралық рейтингтік агенттіктердің директорларымен кездесулерге қатысты, олардың барысында тараптар қаржы нарықтарындағы ағымдағы ахуал туралы пікір алмасты.

Анықтама ретінде:

ХВҚ Көктемгі кездесулері жыл сайын өтеді және өңірлік және жаһандық экономикаларды дамытудың негізгі мәселелері бойынша ахуалды салыстыруға мүмкіндік бере отырып, орталық банктер, халықаралық қаржылық ұйымдар басшыларының кездесулеріне арналған тиімді алаң болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі таяу және алыс шетелдердің орталық банктері қызметінің негізгі мәселелері бойынша пікір алмасу, халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыс орнату және байланысты кеңейту мақсатында Көктемгі кездесулерге жыл сайынғы негізде қатысады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz